Су беру құбыршегінің сақтандырғышы екі қабаттан тұрады. Құбыршек жүйесі су құбыршегі зақымданғанда және су құбыршегі мен сыртқы кеңірдек құбыршек арасындағы ауа кеңістігі суға толы болған кезде су ағынын тоқтатуды қамтамасыз етеді.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Шұңғылшаға жалғанатын құбыршек ыдыс жуғыш машина орнатылған деңгейдегі құбырға орнатылса, ол жарылып кетуі мүмкін. Егер шұңғылшанызға сондай құбыршек жалғанса, оны ажыратып, тесігін бітеп тастау ұсынылады.

Су беру құбыршегінің сақтандырғышын жалғау

1. Су беру құбыршегінің сақтандырғышын ыдыс жуғыштың артқы жағында орналасқан сақтау бөлігінен толығымен шығарыңыз.
2. Су беру құбыршегі сақтандырғышының 3/4 дюйм бұрандаларын шүмекке бұраңыз.
3. Ыдыс жуғышты іске қосар алдында суды толық күшіне қосыңыз.


Су беру құбыршегінің сақтандырғышын ажырату

1. Суды өшіріңіз.
2. Су беру құбыршегінің сақтандырғышын шүмектен бұрап шығарыңыз.

Су төгу құбыршектерін жалғау

Минималды диаметрі 4 см құрайтын су төгу құбыршектерін су төгу құбырына жалғаңыз немесе шұңғылшаға қойыңыз және олардың бүгілуіне немесе қысылуына жол бермеңіз. Су төгу құбырының биіктігі 1000 мм төмен болуы керек. Құбыршектің асылып тұратын ұшы ішіне су құйылмауы үшін суға салуға болмайды.

⚠ Су төгу құбыршегін А немесе В қалпында бекітіңіз



Құбыршектерден су қалдықтарын төгу

Егер шұңғылша еденнен 1000 мм жоғары орналасса, құбыршекте қалған суды тікелей шұңғылшаға ағызу мүмкін емес. Құбыршекте қалған суды шұңғылшадан төмен қойылған тегешке немесе басқа ыдысқа төгу керек.

Су төгу тесігі

Су төгу құбыршегін жалғаңыз. Судың ағып кетуін болдырмау үшін су төгу құбыршегін дұрыс орнату керек. Су төгу құбыршегі бүгілмегеніне немесе қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

Ұзартқыш құбыршек

Су төгу құбыршегін ұзарту қажет болса, ұқсас су төгу құбыршегін пайдаланғаныңыз жөн. Ол 4 метрден ұзын болмауы тиіс, әйтпесе ыдыс жуғыштың тазалау тиімділігі азаяды.

Сифонды жалғау


Су төгу құбыры ыдыс жуғыш машинаның түбінен 100 см (максимум) биіктікте жалғануы тиіс. Су төгу құбыршегі бекітілген болуы тиіс.

Құралды орналастыру

Құралды қажетті жерге қойыңыз. Артқы жағы қабырғаға, ал шеттері іргелес шкафтар немесе қабырғаларға қарап тұруы тиіс. Ыдыс жуғыш машина тиісті түрде орнатуды жеңілдету үшін оң немесе сол жаққа жалғауға болатын сумен жабдықтау және су төгу құбыршектерімен жабдықталған.

Құралды түзету

Құрал түзету үшін орналастырылғаннан кейін, ыдыс жуғыш машинаның биіктігін аяғындағы бұранданың деңгейін реттеу арқылы өзгертуге болады. Құралдың көлбеуі 2° аспауы тиіс.



💡 ЕСКЕРТПЕ:


Келесі нұсқау бөлек тұрғызып орнатуға қатысты.

Бөлек тұрғызып орнату

Шкафтардың арасына кіргізу

Ыдыс жуғыштың биіктігі 845 мм құрайды және қазіргі заманға сай жабдықталған ас үйлердегі шкафтармен бірдей биіктікте орнатуға мүмкіндік беру үшін жасалған. Аяғын дұрыс биіктікке жеткізу үшін реттеуге болады.


Машинаның көп қатпарлы үстіңгі беті ерекше күтімді қажет етпейді, себебі ол жылуға, сызаттарға және жемірілуге төзімді.



Тақтайдың астына орнату

(ас үйдегі тақтайдың астына орнатқан жағдайда)

Қазіргі заманға сай жабдықталған ас үйлерде астына шкафтар мен электр құралдарын орнатуға арналған жұмыс тақтайы бар. Оған сәйкестендіру үшін ыдыс жуғыш машинасының артындағы бұрандаларын бұрап, үстіңгі бетін алып тастаңыз (а).



▲ Ескерту

Машинаның үстіңгі бетін алып тастағаннан кейін, бұрандаларды артқы жағына қайтадан бұрап қою керек (b).


Бұдан кейін ыдыс жуғыш машина биіктігі Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO) бекіткендей 815 мм болады және ас үйдің тақтайына сай келеді.

Кіріктіріп орнату (кіріктірілген модель үшін)

1-қадам. Машина үшін дұрыс орын таңдау

Ыдыс жуғыш машинаны розетканың және су мен су төгу құбырларының жанына орнату керек. Шкафтардың өлшемдері мен ыдыс жуғыш машинаны орнату нұсқаулары суретте көрсетілген.

1. Ыдыс жуғыш машинаның үсті мен шкафтың арасы 5 мм-ден аспауы тиіс және есігі шкафқа теңестірілуі тиіс.



2. Егер ыдыс жуғыш машина шкафтың бұрышында тұрса, есік ашылуы үшін жеткілікті орын қалуы тиіс.



💡 ЕСКЕРТПЕ:

Розетка қай жерде орналасқанына байланысты, қарсы тұрған шкафтың шетінен тесік жасау қажет болуы мүмкін.



2-қадам. Сәндік панельдің өлшемдері және орнатылуы



Сәндік ағаш панельдерін суретте көрсетілген өлшемдерге сай орнату керек.



Жартылай кіріктірілген модель

Жасырын А тоғыны мен В тоғынын ажыратып, А тоғынын сәндік ағаш панеліне және В киіз тоғынын ыдыс жуғыш машинаның сыртқы есігіне бекітіңіз (А суретін қараңыз). Панельді орналасуын белгілегеннен кейін панельді есіктің сыртына бұрандалар мен сомындар арқылы бекітіңіз (В суретті қараңыз).




Толықтай кіріктірілген модель

Ілмекті сәндік ағаш панеліне орнатыңыз және ыдыс жуғыш машинаның сыртқы есігіндегі ұясына салыңыз (А суретін қараңыз). Панельді орналасуын белгілегеннен кейін панельді есіктің сыртына бұрандалар мен сомындар арқылы бекітіңіз (В суретті қараңыз).



3-қадам. Есік серіппесін реттеу

1. Есік серіппелері зауытта сыртқы есікке сай келетіндей серпімді етіп реттелген. Сәндік ағаш панелін орнату қажет болса, есік серіппесінің тартылысын реттеу керек. Темір сымды қатайтып тарту немесе босату үшін, реттегіш бұранданы бұрау арқылы реттегішті тиісті орынға қойыңыз.
2. Есікті шегіне дейін ашқан кезде көлденең қалпында тұрса және қолмен сәл ғана көтерген кезде жабылатындай қалыпқа келсе, бұл есік серіппесінің тартылысы дұрыс реттелгенін білдіреді




4-қадам. Ыдыс жуғыш машинаны орнату қадамдары



Суретте көрсетілген орнату қадамдарына сәйкес орнату керек.


1. Тығыздаушы жолағын шкафтың жұмыс бетіне бекітіңіз. Тығыздаушы жолақ жұмыс бетінің шетіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. (2-қадам)
2. Су құбыршегін суық су құбырына жалғаңыз.
3. Су төгу құбыршегін жалғаңыз.
4. Қуат сымын қосыңыз.
5. Ыдыс жуғыш машинасын орнына қойыңыз. (4-қадам)
6. Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін реттеңіз. Артқы аяқтарын ыдыс жуғыш машинаның алдыңғы жағынан реттеуге болады – ол үшін машинаның ортасында орналасқан бекіту бұрандасын пайдаланыңыз. Алдыңғы аяқтарын реттеу үшін машина деңгейі реттелгенге дейін алдыңғы аяқтарын жалпақ бұрағышпен бұраңыз. (5-6-қадамдар)
7. Жihaz есігін ыдыс жуғыш машинаның сыртқы есігіне орнатыңыз. (7-10-қадамдар)
8. Сол және оң есік серіппелерін бекіту үшін алты қырлы кілтті сағат тілімен бұрап, есіктің серіппелерін реттеңіз. Оларды бекітпесеңіз, ыдыс жуғыш машина зақымдалуы мүмкін. (11-қадам)
9. Ыдыс жуғышты мықтап орнату керек. Бұл әрекетті екі тәсілмен орындауға болады:
 - A. Кәдімгі жұмыс беті: панельдің бүйіріндегі ойыққа ілгекті бекітіп, жұмыс бетін ағашқа арналған екі бұрандамен бекітіңіз.
 - B. Мәрмәр немесе гранит жұмыс беті: шеттерінен бұрандамен бекітіңіз.



5-қадам. Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін реттеу

Ыдыс сөрелері мен құрал дұрыс жұмыс істеу үшін ыдыс жуғыш машинаның деңгейін міндетті түрде реттеу керек.

1. Ыдыс жуғыш машина деңгейінің дұрыс орнатылғанын тексеру үшін, есік пен құрал ішіндегі сөреге деңгейді анықтайтын құрал қойып көріңіз.
2. Ыдыс жуғыш машинаның деңгейін оның үш аяғын жеке-жеке бұрап реттеңіз.
3. Машина деңгейін реттеу кезінде құралдың құлап кетпеуі үшін абай болыңыз.



💡 ЕСКЕРТПЕ:

Аяқтарын ең көбі 50 мм биіктікке дейін реттеуге болады.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын

Келесі беттердегі деректерді тексерсеңіз, кейбір ақаулықтарды қызмет көрсету орталығына хабарласпай-ақ түзетуіңізге болады.

Мәселе	Мүмкін себептері	Түзету амалдары
Ыдыс жуғыш машина қосылмайды.	Сақтандырғыш жанып кеткен немесе автоматты сөндіргіш қосылып кеткен.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты сөндіргішті бастапқы қалпына қойыңыз. Электр желісінен ыдыс жуғыш машинамен бірге қолданатын басқа құралдарды ажыратыңыз.
	Электр қуаты қосылған жоқ.	Ыдыс жуғыш машинаның тоққа қосылғанына және есігінің мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз. Қуат сымның қабырғадағы розеткаға дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
	Судың қысымы төмен.	Су құбырына дұрыс жалғанғанына және су шүмегінің ашық екеніне көз жеткізіңіз.
	Ыдыс жуғыш машинасының есігі дұрыс жабылмаған.	Есіктің тығыз жабылып, бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
Ыдыс жуғыш машинасынан су ағып кетпейді.	Су төгу құбыршегі бұралып қалған.	Су төгу құбыршегін тексеріңіз.
	Сүзгі бітеліп қалған.	Қаралап тазарту сүзгісін тексеріңіз.
	Шұңғылша бітеліп қалған.	Су дұрыс төгілетінін тексеру үшін шұңғылшаны қараңыз. Егер ақаулықтың себебі шұңғылша болса, онда ыдыс жуғыш машиналарын жөндеуші емес, сантехниктің көмегі керек.

<p>Ішінде көбік қалады.</p>	<p>Жарамсыз жуғыш зат.</p>	<p>Көбіктенбес үшін тек ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттарды қолданыңыз. Бұндай жағдай орын алса, ыдыс жуғыш машинаны ашып, көбіктер кеткенше күтіңіз. Машина түбіне 1 галлон суық су құйыңыз. Ыдыс жуғыш машинаны жауып, кез кел келген циклді таңдаңыз. Алдымен машина суды төгеді. Су төгіліп болған соң есігін ашып, көбіктің кеткенін тексеріңіз. Қажет болса қайталаңыз.</p>
-----------------------------	----------------------------	---


Мәселе	Мүмкін себептері	Түзету амалдары
	Шайғыш зат төгілген.	Шайғыш зат төгілсе, үнемі дереу сүртіңіз.
Құралдың ішіне дақ қалады.	Бояуы бар жуғыш зат қолданылған.	Жуғыш заттың бояуы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
Ішкі бетте ақ қабықша қалыптасады.	Кермек су минералдары.	Ішін тазалау үшін, ыдыс жууға арналған жуғыш зат пен дымқыл губка пайдаланыңыз және резеңке қолғап киіңіз. Ыдыс жуғыш машинаны тазалауға арналған заттан басқа жуғыштарды пайдаланбаңыз, әйтпесе көбік пайда болуы мүмкін.
Ас-үй құралдарын тот басады.	Зақымданған құралдар тоттануға төзімді емес.	Ыдыс жуғышта тоттануға төзімсіз заттарды жууға болмайды.
	Ыдыс жуғышқа тұз салынғаннан кейін жуу бағдарламасы дереу қосылмаған. Тұздың біраз мөлшері жуу цикліне өтіп кетті.	Арнайы тұз қосылған соң, ыдыс жуғышты жүктеместен және Turbo функциясын (бар болса) пайдаланбастан, дереу жуу режимін бастау керек.
	Су жұмсартқышының қақпағы бос.	Су жұмсартқышының қақпағы мықтап жабылғанын тексеріңіз.
Ыдыс жуғыштан дүрсіл естіледі.	Бүріккіш себеттегі затқа тиіп жатыр	Жуу бағдарламасын тоқтатып, бүріккіштің айналуына кедергі болып тұрған ыдысты қайта реттеп салыңыз.
Ыдыс жуғыштан діріл естіледі.	Кейбір ыдыстар себетке бекітілмеген.	Жуу бағдарламасын тоқтатып, ыдысты қайта реттеп салыңыз.
Су құбырларынан дүрсіл естіледі.	Құбырларды орнату жолы немесе олардың көлденең қимасының мөлшері себеп болуы мүмкін.	Мұндай себептер ыдыс жуғыштың жұмысына әсер етпейді. Егер күмәндансаңыз, білікті сантехникпен кеңесіңіз.
Ыдыстар таза емес.	Ыдыстар дұрыс салынбаған.	II бөлімдегі «Ыдыстарды дайындау және жүктеу» тарауын қараңыз.
	Бағдарлама дұрыс таңдалмаған.	Қарқынды күштірек бағдарламаны таңдаңыз.

Мәселе	Мүмкін себептері	Түзету амалдары
Ыдыстар таза емес.	Жуғыш заттың мөлшері жеткіліксіз.	Көбірек жуғыш зат немесе басқа жуғыш зат қолданыңыз.
	Ыдыс бүріккіштердің айналуына кедергі келтіреді.	Ыдыстарды бүріккіштердің айналуына кедергі келтірмейтін етіп салыңыз.
	Сүзгі бітеліп қалған немесе жуу бөлігінің негізіне дұрыс орнатылмаған. Бұл бүріккіштердің қозғалысын шектеуі мүмкін.	Сүзгілерді тазалаңыз және/немесе дұрыс орнатыңыз. Бүріккіштерді тазалаңыз.
Шыны ыдыстың салтақ болуы.	Тұщы су және тым көп жуғыш зат қолданылған.	Тұщы су қолданылған жағдайда жуғыш затты азырақ пайдаланыңыз, шыны ыдыс таза жуылуы үшін ең қысқа жуу циклін таңдаңыз.
Ыдыстар мен стакандарда ақ дақтар қалады.	Кермек су қақ шөгінділерін тудыруы мүмкін.	Көбірек жуғыш зат қосыңыз.
Ыдыста кара немесе сұр дақтар қалады.	Ыдыстар алюминий ас құралдарымен сызылады.	Мұндай дақтарды кетіру үшін жұмсақ абразивті тазартқышты пайдаланыңыз.
Мөлшерлегіште жуғыш зат калып қояды.	Ыдыстар жуғыш заттың шығуына кедергі келтіреді.	Ыдыстарды дұрыстап салыңыз.
Ыдыстар кеппеген	Ыдыстар дұрыс жүктелмеген	Ыдыстарды нұсқауларға сәйкес жүктеңіз.
	Ыдыс-аяқтар тым ерте шығарылды	Ыдыстарды жуғаннан кейін оларды машинадан бірден шығармаңыз. Бу шығуы үшін есікті сәл ашыңыз. Ыдыстарды сәл жылы болған кезде ғана шығарыңыз. Үстіңгі себеттен су тамшыламауы үшін алдымен ыдысты төменгі себеттен шығарыңыз.

Мәселе	Мүмкін себептері	Түзету амалдары
Ыдыстар кеппеген	Бағдарлама дұрыс таңдалмаған.	Қысқа бағдарламаларда жуу температурасы төмен, бұл сондай-ақ жуу тиімділігін азайтады. Ұзақ жуу уақыты бар бағдарламаны таңдаңыз.
	Жабынды сапасы нашар ас құралдарын пайдалану.	Мұндай өнімдерден су дұрыс ағылмайды. Мұндай ас құралдары немесе ыдыс-аяқ ыдыс жуғыш машинада жууға жарамайды.


СЕБЕТТЕРДІ EN50242 СТАНДАРТЫНА СӘКЕС ЖҮКТЕУ:

1. Үстіңгі себет:



Нөмірі	Ыдыс түрі
1	Шынылар
2	Табақшалар
3	Стақандар
4	Кіші табақ
5	Орташа табақ
6	Үлкен табақ


2. Төменгі себет:



Нөмірі	Ыдыс
7	Десерттік тәрелке
8	Ас тәрелкесі
9	Шұңғыл тәрелке
10	Жалпақ тәрелке
11	Ас құралдарына арналған себет

3. Ас құралдарына арналған себет:

1	2	1		4	4	4	4	4	4		1	2	1
2	2	2			8			7		3	3		2
1	2	1		4	4	4	4	4	4		1	3	1
1	2	1		5	5	5	5	5	5		3	3	3
2	2	2			3			3		3	3	3	3
1	2	1		5	5	5	5	5	5		6		6



Нөмірі	Құрал түрі
1	Көже қасығы
2	Шанышқы
3	Пышақ
4	Шай қасық
5	Десерттік қасық
6	Ас қасық
7	Ас шанышқысы
8	Шөміш

EN 50242 стандарты бойынша салыстырмалы сынақтар үшін ақпарат


Сыйымдылығы: 12 жиынтық

Үстіңгі себеттің орналасуы: төменгі

Режимі: «ЭКО»

Шайғыш зат мөлшерлегішін орнату: 6

Су жұмсартқышын реттеу: Н3.



Ыдыс жуғыш машина
Пайдаланушы нұсқаулығы
II БӨЛІМ: Арнайы нұсқасы

|| МАЗМҰНЫ


01	4	ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНУ
	4	Басқару панелі
	6	Су жұмсартқышы
	7	Ыдыстарды дайындау және жүктеу
	10	Шайғыш және жуғыш затты пайдалану
	11	Шайғыш зат сауытын толтыру
	12	Жуғыш зат мөлшерлегішін толтыру
02	13	ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАҢДАУ
	13	Жуу циклі кестесі
	14	Жуу циклін бастау
	14	Бағдарламаны өзгерту
	15	Ыдыс салуды ұмытып кеттіңіз бе?
03	16	ҚАТЕЛЕР КОДТАРЫ
04	17	ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

ЕСКЕРТПЕ:

- Егер ақаулықты өзіңіз түзете алмасаңыз, білікті маманның көмегін алыңыз.
- Өндіруші өнімді үнемі жетілдіру мен жаңарту саясатын ұстанатынына байланысты, алдын ала ескертусіз өзгертулер енгізуі мүмкін.
- Пайдаланушы нұсқаулығы жоғалған немесе ескірген болса, өндірушіден немесе сатушыдан жаңасын алуға болады.

ҚЫСҚАША ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ


Толық жұмыс істеуі туралы нұсқаулықты тиісті мазмұнда оқып шығыңыз.




- 1 Бдыс жуғыш машинаны орнатыңыз
(Нұсқаулықтың I БӨЛІМІНІҢ: Жалпы нұсқасындағы
«ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТЫҢ»
5-тарауын қараңыз)



- 2 Бдыстан ірі тамақ қалдықтарын алып тастаңыз



- 3 Себеттерді жүктеңіз




- 4 Мөлшерлегішті толтырыңыз



- 5 Бағдарламаны таңдап,
машинаны іске қосыңыз

ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНУ










Басқару панелі



Функциясы (батырмасы)

1 Қуат батырмасы	Ыдыс жуғыш машинаны іске қосу үшін осы батырманы басыңыз.
2 Бағдарлама батырмасы	Тиісті жуу бағдарламасын тандаңыз, тандалған бағдарлама индикаторы жанып тұрады.
3 Кейін бастау батырмасы	Кейін бастау уақытын орнату үшін батырманы басыңыз, тиісті индикатор жанып тұрады.
4 Балалардан бұғаттау батырмасы	Бұл параметр балалар басқару панеліндегі батырмаларды байқамай басып ыдыс жуғыш машинаны қосып жібермеу үшін, басқару панеліндегі батырмаларды бұғаттауға мүмкіндік береді. Басқару панеліндегі батырмаларды бұғаттау немесе бұғаттаудан шығару үшін «Жартылай жүктеу» және «Кейін бастау» батырмаларын бірге 3 секунд басып ұстаңыз. Бұл батырманы басқанда тиісті индикатор жанып тұрады.
5 Жартылай жүктеу батырмасы	Жуу үшін тек 6 немесе одан аз орынға салынатын ыдыс болса, бұл функцияны энергия мен суды үнемдеу үшін таңдауыңызға болады. (Бұл тек «Қарқынды», «ECO», «90 мин.» бағдарламалары үшін қолданылады)
6 Бастау/үзіліс батырмасы	Ыдыс жуғыш машина жұмыс істеп тұрған кезде жуу бағдарламасын таңдауға немесе оны кідіртуге болады.

Дисплей

7 Бағдарлама индикаторы	 <p>Қарқынды Ең қатты ластанған қыш ыдыс-аяқ, қалыпты ластанған қазандар, табалар, ыдыс-аяқтар және т.б. үшін.</p> <p>ECO ECO Бұл қалыпты кірленген ыдыстарды тазалауға жарамды стандартты бағдарлама және энергия мен суды пайдалану тұрғысынан бұл осындай ыдыс-аяқтың түріне арналған ең тиімді бағдарлама.</p> <p>90 мин  Тез жуу үшін қалыпты ластанған ыдыс үшін.</p> <p>Тез  Кептіруді қажет етпейтін сәл ластанған ыдыстарға арналған қысқа жуу циклі.</p> <p>Шайғыш зат</p>
8 Ескертпе индикаторы	 <p>Егер «  » индикаторы жанса, ыдыс жуғыш машинасында шайғыш зат бітейін деп тұрғанын және оны толтыру керектігін білдіреді.</p>  <p>Тұз Егер «  » индикаторы жанса, ыдыс жуғыш машинасында тұз бітейін деп тұрғанын және оны толтыру керектігін білдіреді.</p>  <p>Су шүмегі Егер «  » индикаторы жанса, су шүмегі жабық екенін білдіреді.</p>
9 Кейінге қалдыру уақыты	Кейінге қалдыру уақытын көрсетеді (3 сағ./6 сағ./9 сағ.).

Су жұмсартқышы

Су жұмсартқышты су кермектігі тетігін қолданып қолмен баптау керек.

Су жұмсартқышы судың құрамындағы құралға зиянды немесе оның қызметінің тиімділігін төмендететін минералдар мен тұздарды арылтуға арналған. Осы минералды заттар мен тұздардың мөлшері неғұрлым көп болса, судың кермектігі де соғұрлым жоғары болады. Су жұмсартқышы аймағыңыздағы су кермектігіне сәйкес бапталуға тиіс. Аймағыңыздағы су кермектігі туралы мәліметтерді жергілікті су шаруашылығын басқаратын мекемеден ала аласыз.

Тұздың салынатын мөлшерін реттеу

Ыдыс жуғыш машина қолданылатын судың кермектігіне қарай тұз тұтыну мөлшерін реттейтін етіп жасалған. Бұл тұз тұтыну мөлшерін тиімді деңгейге қою мен реттеу үшін қажет.

Тұз тұтыну мөлшерін төмендегі жолмен орнатыңыз:

1. Құралды қосып, есігін жабыңыз.
2. Құралды қосқаннан кейін 60 секундтан кешіктірмей су жұмсартқышты орнату режимін іске қосу үшін «Бастау/үзіліс» батырмасын 5 секундтан артық басып тұрыңыз;
3. Сіздің аймағыңыздағы судың кермектігіне сәйкес келетін су жұмсартқышы параметрін таңдау үшін «Бастау/үзіліс» батырмасын басыңыз. Параметр келесі ретпен өзгереді:
H1 -> H2 -> H3 -> H4 -> H5 -> H6;
4. Реттеуді аяқтау үшін қуат батырмасын басыңыз.

СУ КЕРМЕКТІГІ				Тетіктің орналасуы	Тұзды қолдану мөлшері (грамм/цикл)
дН	дН	° Кларк	ммоль/л		
0 - 5	0 - 9	0 - 6	0 - 0.94	H1-> «Тез» индикаторы жанады	0
6 - 11	10 - 20	7 - 14	1.0 - 2.0	H2-> «90 мин.» индикаторы жанады	9
12 - 17	21 - 30	15 - 21	2.1 - 3.0	H3-> «90 мин.», «Тез» индикаторлары жанады	12
18 - 22	31 - 40	22 - 28	3.1 - 4.0	H4-> «ЭКО» индикаторы жанады	20
23 - 34	41 - 60	29 - 42	4.1 - 6.0	H5-> «ЭКО», «Тез» индикаторлары жанады	30
35 - 55	61 - 98	43 - 69	6.1 - 9.8	H6-> «ЭКО», «90 мин.» индикаторлары жанады	60

$1^\circ \text{дН} = 1.25 \text{ } 1^\circ \text{Кларк} = 1.78 \text{ } 1^\circ \text{дН} = 0.178 \text{ ммоль/л}$

Өндіруші орнатуы: H3

Судың кермектігі туралы ақпарат алу үшін жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласыңыз.



**Ыдыс жуғыш машинаға тұз салу үшін нұсқаулықтың I БӨЛІМІНІҢ:
Жалпы нұсқасындағы «Су жұмсартқышына тұз салу» 3-тарауын қараңыз**

💡 ЕСКЕРТПЕ:

Егер сіздің моделіңіз су жұмсартқышпен жабдықталмаған болса, келесі бөлімді өткізіп жіберуге болады.

Су жұмсартқышы

Судың кермектігі әр жерде әр түрлі болады. Ыдыс жуғыш машинада кермек су қолданылса, ыдыс-аяқ пен ас құралдарын қақ басады. Құрал судың құрамындағы әк пен минералдарды кетіру үшін арнайы жасалған тұзды қолданатын су жұмсартқышпен жабдықталған.

Ыдыстарды дайындау және жүктеу

- Өндірушісі «ыдыс жуғыш машинада жууға болады» деп көрсеткен шыны немесе фарфор ыдысты ғана қолданыңыз.
- Кейбір ыдыстар үшін жуу температурасы төмен бағдарламаны таңдаңыз.
- Ыдысқа зақым келмес үшін, бағдарлама аяқталғаннан кейін шыны ыдыс-аяқ пен ас құралдарын ыдыс жуғыш машинадан дереу алыңыз.

Келесі ыдыс-аяқты/ас құралдарын жуу үшін

Жарамсыз

- Сабы ағаштан, мүйізден, фарфордан немесе ақықтан жасалған ас құралдары.
- Қызуға төзімсіз заттар.
- Қызуға төзімсіз ескі және бөліктері желімделіп құрастырылған ас құралдары.
- Байлаулы ас құралдары немесе ыдыс-аяқ.
- Қалайы немесе мыс заттар.
- Қорғасынды хрусталь.
- Тоттанатын темір заттар.
- Ағаш табақтар.
- Синтетикалық талшықтардан жасалған заттар.

Жарамдылығы шектеулі

- Көп жуғаннан кейін кейбір стакандардың өңі кетуі мүмкін.
- Күміс және алюминий бөлшектердің түсі жуған кезде өзгеруге бейім келеді.
- Жалатылған ыдыс-аяқтар ыдыс жуғыш машинада жиі жуылса әрі кетуі мүмкін.

Ыдыс жуғыш машинаны жүктеу бойынша кеңестер

Тағамның көп мөлшерде қалған қалдықтарын қырып алыңыз. Табаға күйіп жабысып қалған тағам қалдықтарын жібітіп қойыңыз. Ыдыс-аяқты ағын сумен шаюдың қажеті жоқ.

Ыдыс жуғыш машина жақсы жұмыс істеуі үшін оған ыдыс салғанда төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

(Сөрелер мен ас құралдары себеттерінің функциялары мен сыртқы түрі сіздің моделіңізден өзгеше болуы мүмкін.)

Ыдыс жуғыш машинаға заттарды төмендегідей салыңыз:

- Шыныаяқ, стақан, кәстрөл/таба т.с.с. сияқты заттарды төңкеріп қойыңыз.
- Дөңес немесе ойыс жерлері бар ыдыс-аяқтан су ағып кетуі үшін жантайтып қойыңыз.
- Аударылып кетпес үшін барлық ыдыстарды мықтап орналастыру керек.
- Барлық ыдыс-аяқ жуу циклі кезінде бүріккіш түтіктердің айналуына кедергі жасамауы тиіс.
- Кесе, стақан, кәстрөл, т.с.с. тәрізді шұңғыл ыдыстардың ауыздарын, сауыттың ішіне немесе ыдыстың түбіне су жиналмау үшін төмен қаратып салыңыз.
- Ас құралдары ыдыс-аяқтардың ішінде, не олар бірінің үстінде бірі жатпауы керек.
- Стақандарға зиян келтірмеу үшін, бір-біріне тигізбей салу керек.
- Үстіңгі сөре стақан, кофе мен шай кеселері тәрізді сынғыш әрі жеңілрек ыдыстарды салуға арналған.
- Тігінен орналастырылған ұзын жүзді пышақтар қауіп төндіреді!
- Жүзі ұзын және/немесе өткір ет бұзатын не турайтын пышақтар тәрізді заттарды үстіңгі себетке көлденеңінен орналастыру қажет.
- Ыдыс жуғыш машинаны шамадан тыс толтырмаңыз. Бұл жуу нәтижесі жақсы болуы және қуатты тиімді жұмсау үшін қажет.

ЕСКЕРТПЕ:

Тым кішкентай заттарды ыдыс жуғыш машинада жумау керек, себебі олар сөреден оңай түсіп кетуі мүмкін.

Ыдыстарды шығару

Үстіңгі себеттегі ыдыс-аяқты алып жатқан кезде астыңғы себеттегі ыдыс-аяққа су тамшыламас үшін алдымен астыңғы себеттегі, содан кейін үстіңгі себеттегі ыдыстарды шығаруды ұсынамыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Ыдыстар ыстық болады! Жарақаттануды болдырмау үшін, бағдарлама аяқталғаннан кейін шамамен 15 минут бойы ыдыс жуғыш машинасынан шыны мен ас құралдарын шығармаңыз.


Үстіңгі себетті жүктеу

Үстіңгі себет стакан, кофе және шай кеселері мен табақтары, сонымен қатар табақтар, кішкене тәрелкелер, жалпақ кәстрөлдер (егер қатты лас болмаса) тәрізді сынғыш және жеңіл заттарды қоюға арналған. Ыдыстар-аяқтарды су бүркіген кезде жылжып кетпейтіндей етіп орналастырыңыз. Стақандар, кеселер мен шыныаяқтарды әрқашан төмен қаратып қойыңыз.



Төменгі себетті жүктеу

Жуылуы қиын үлкен заттарды астыңғы сөреге салуды ұсынамыз: кәстрөлдер мен табалар, табақтар мен тәрелкелерді суретте көрсетілгендей оң жаққа орнатыңыз. Ас табақтары мен қақпақтарды үстіңгі бүріккіш түтіктің айналуына кедергі келтірмес үшін сөрелердің бүйір жақтарына салған дұрыс. Жуғыш зат мөлшерлегішінің алдына қойылатын тәрелкелер үшін ұсынылатын максималды диаметр 19 см - бұл оның ашылуына кедергі келтірмейді.



Ас құралдары себетін жүктеу

Ас құралдарын ас құралдарына арналған сөреге бір-бірінен бөлек орналастырыңыз және ыдыс-аяқтардың бір-бірінің ішіне кіргізілмегеніне көз жеткізіңіз, себебі бұл олардың дұрыс жуылмауына себеп болуы мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Түбінен ешқандай зат шығып тұрмауы тиіс. Өткір құралдарды жүзін төмен қаратып салыңыз!



Жуу тиімді болуы үшін нұсқаулықтың I БӨЛІМІНІҢ; Жалпы нұсқасындағы соңғы тарауда көрсетілген себеттерді жүктеу ережелерін қараңыз

Шайғыш және жуғыш затты


пайдалану

Шайғыш зат соңғы шаю циклі кезінде, су тамшылары ыдыс бетіне тұрып, дақ немесе жолақ қалдыруын болдырмау үшін қосылады. Ол сондай-ақ суды ыдыстың бетінен кетіру арқылы оны жақсы құрғатуға көмектеседі. Ыдыс жуғыш машинаңыз сұйық шайғыш затты қолданатын етіп жасалған.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ыдыс жуғышқа арналған фирмалық шайғыш заттарды ғана пайдаланыңыз. Шайғыш зат сауытына ешбір басқа зат (мысалы, ыдыс жуғышты тазалағыш зат, сұйық тазалағыш заттар) салмаңыз. Бұл құрылғыға нұқсан келтіруі мүмкін.

Шайғыш зат мөлшерлегішін толтыру

Шайғыш зат индикаторы () басқару панелінде жанып тұрмаса, қақпақтың жанында орналасқан оптикалық деңгей индикаторының түсінен шамалы мөлшерін бағалай аласыз. Шайғыш зат сауыты толы болса, көрсеткіш толығымен қара болады. Қара нүктенің мөлшері шайғыш зат азайғанда кішірейеді. Шайғыш зат деңгейін 1/4 мөлшерінен төмен болмауы тиіс.



Шайғыш зат азайғанда, шайғыш зат деңгейіндегі қара нүктенің өлшемі төменде көрсетілгендей өзгереді.

Толы 3/4 толы 1/2 толы 1/4 толы Бос

Жуғыш затты пайдалану

Химиялық заттардан тұратын жуғыш заттар кір-қоқыстарды тазалап, ыдыс жуғыш машинадан шығару үшін қажет. Сатылатын жуғыш заттардың көпшілігі осы мақсатта қолдануға жарайды.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- Жуғыш затты дұрыс қолдану

Ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз. Жуғыш заттарды жана, құрғақ күйде сақтаңыз. Ыдысты жууға дайын болмасаңыз, ұнтақ жуғыш затты мөлшерлегішке салмаңыз.




Ыдыс жуғыш машинаға арналған жуғыш зат жеміргіш болады! Оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.


Шайғыш зат сауытын толтыру



- 1** Шайғыш зат сауытының қақпағын ашу үшін оны сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, шығарыңыз.



- 2** Шайғыш затты мөлшерлегішке ернеуінен асырмай абайлап құйыңыз.




- 3** Шайғыш зат сауытының қақпағын сағат тілімен бұрап жабыңыз.

⚡ ЕСКЕРТПЕ:

Шайғыш зат төгіліп қалса, келесі рет ыдыс жуған кезде артық көбік шықпауы үшін оны шүберекпен сүртіп алыңыз.

Шайғыш зат сауытын реттеу




Тетікті реттеңіз
(шайғыш зат)


Шайғыш зат индикаторының реттеуішін 1 мен 6 аралығындағы санға бұраңыз. Сан неғұрлым үлкен болған сайын, ыдыс жуғыш машина соғұрлым көп шайғыш зат пайдаланады. Егер ыдыс-аяқтар дұрыс кеппесе немесе дақтар қалса, ыдыс-аяқ таза болғанша дөңгелекті келесі жоғарғы санға реттеңіз. Ыдыс-аяқта жабысқақ ақшыл дақтар қалса немесе шыны ыдыс пен пышақтардың жүзінде көкшіл қабықша болса, оны азайтыңыз.

Жуғыш зат мөлшерлегішін


• толтыру



- 1 Қақпақты ашу үшін жуғыш зат мөлшерлегішіндегі ысырманы итеріңіз



- 2 Жуғыш затты негізгі жуу циклі үшін үлкен шұңқырға салыңыз (А). Қатты кір ыдысты жуғанда алдын ала жуу циклі үшін кішкене шұңқырына да (В) кішкене жуғыш зат салыңыз.



- 3 Қақпақты жабыңыз және оны орнына түскенше басыңыз.

💡 ЕСКЕРТПЕ:




- Ластану деңгейі мен су кереметтігінің түріне байланысты өзгешеліктер болуы мүмкін екенін ескеріңіз.
- Жуғыш заттың қаптамасындағы өндіруші нұсқауларын орындаңыз.

ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ТАҢДАУ

Жуу циклі кестесі

Төмендегі кестеде азық-түлік қалдықтарының деңгейі үшін қандай бағдарламалардың жақсы екендігі және қанша жуғыш зат қажет екендігі көрсетілген. Сондай-ақ бағдарлама туралы әртүрлі ақпарат бар.

(●) белгісі: шайғыш зат мөлшерлегішіне шайғыш зат құю керек екендігін білдіреді.

Бағдарлама	Цикл сипаттамасы	Жуғыш зат алдын ала/ негізгі жуу	Жұмыс істеу уақыты (мин)	Электр энергиясы (кВтс)	Су (л)	Шайғыш зат
 Қарқынды	Алдын ала жуу (50°C) Жуу(60°C) Шаю Шаю Шаю(70°C) Кептіру	<u>5/25г</u> (1 немесе 2 зат)	175	1,6	17,5	●
ECO (*EN 50242)	Алдын ала жуу Жуу (45°C) Шаю (60°C) Кептіру	<u>5/25г</u> (1 немесе 2 зат)	225	0,9	11	●
 90 мин	Жуу (65°C) Шаю Шаю (65°C) Кептіру	<u>30г</u> зат	90	1,35	12,5	●
 Тез	Жуу (45°C) Шаю (50°C) Шаю (55°C)	20г	30	0,75	11	○



ЕСКЕРТПЕ:

EN 50242 стандарты: Бұл бағдарлама сынақ циклі ретінде пайдаланылады. EN 50242 стандарты бойынша салыстырмалы сынақтарға арналған ақпаратты қараңыз.


Жуу циклін бастау

1. Астыңғы және үстіңгі себеттерді тартып шығарыңыз да, ыдыс-аяқты салып, орнына қайта итеріңіз. Ыдыстарды әуелі төменгі себетке, содан кейін үстіңгі себетке салуды ұсынамыз.
2. Жуғыш затты салыңыз.
3. Ашаны розеткаға қосыңыз. Қуат көзіне қойылатын талаптарды техникалық сипаттамасынан қараңыз. Су құятын шүмекті шегіне дейін ашыңыз.
4. Машинаны қосу үшін есігін жауып, қуат батырмасын басыңыз.
5. Бағдарламаны таңдаңыз – тиісті индикатор қосылады. Содан кейін Бастау/үзіліс батырмасын басыңыз, сонда ыдыс жуғыш машина жуу циклін бастайды.

Бағдарламаны өзгерту

Орындалып тұрған цикл басталғаннан бері көп уақыт өтпесе ғана өзгертуге болады, әйтпесе жуғыш зат құйылып, машинадағы ыдыс жуылған су төгілген болуы мүмкін. Бұндай жағдайда, ыдыс жуғыш машинаны қайта реттеп, жуғыш зат мөлшерлегішіне тағы жуғыш зат салу керек. Ыдыс жуғыш машинасын келесідей қайта реттеу керек:


1. Жуу циклін тоқтату үшін Бастау/үзіліс батырмасын басыңыз.
2. Бағдарлама батырмасын 3 секундтан артық басып тұрыңыз - бағдарлама тоқтайды.
3. Қажетті бағдарламаны таңдау үшін Бағдарлама батырмасын басыңыз.
4. Бастау/үзіліс батырмасын басқаннан кейін 10 секундта ыдыс жуғыш машина іске қосылады.



Ыдыс салуды ұмытып кеттіңіз бе?

Ұмыт қалған ыдысты кез келген уақытта, жуғыш зат мөлшерлегіші ашылмай тұрып қосып салуға болады.

1. Жуу циклін тоқтату үшін Бастау/үзіліс батырмасын басыңыз.
2. Есік ашылғанша 5 секунд күтіңіз.
3. Ұмыт қалған ыдыс-аяқты салыңыз.
4. Есікті жабыңыз,
5. Он секундтан кейін ыдыс жуғыш машина жұмыс істейді.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Жуу циклі кезінде есікті ашу қауіпті, себебі ыстық буға күйіп қалуыңыз мүмкін.

ҚАТЕЛЕР КОДТАРЫ


Ақаулық пайда болғанда ыдыс жуғыш машинасында ақаулық кодтары көрсетіледі және келесі ескертулерді білдіреді:

Кодтар	Мағынасы	Мүмкін себебі
«Тез» жуу циклінің шамы тез жыпылықтайды	Ұзақ су құю.	Су шүмегі жабық немесе су кірісінде кедергі бар немесе судың қысымы тым төмен.
«Тез» және «90 мин.» жуу циклдерінің шамы тез жыпылықтайды	Тиісті температураға жеткен жоқ.	Қыздыру элементі бұзылған.
«ЭКО» циклінің шамы тез жыпылықтайды	Су ағады.	Ыдыс жуғыш машинасының бір элементінен су ағады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Су төгілсе, қызмет көрсету орталығына хабарласпай тұрып негізгі сумен жабдықтау шүмегін жабыңыз.
- Егер ыдыстың түбінде судың тасуына немесе шамалы су ағуға байланысты су тұрып қалса, ыдыс жуғыш машинаны қайта қоспай тұрып суды төгу керек.

ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ



Биіктігі (H)	845 мм
Ені (W)	598 мм
Терендігі (D1)	600 мм (есігі жабық күйде)
Терендігі (D2)	1175 мм (есігі 90° ашық күйде)

Техникалық деректер

1016/2010 және 1059/2010 ЕО Нұсқамаларына сәйкес тұрмыстық ыдыс жуғыш машинасының кестесі:

Өндіруші	WINIA
Түрі / сипаттамасы	DDW-M1221L W
Стандартты ас құралдарының жиынтығы	12
Энергия үнемділігінің классы 1	A
Жылдық энергия тұтыну 2	258 кВт.с
Стандартты жуу циклінде энергия тұтыну	0.9 кВт.с
Өшірулі кезінде энергия тұтыну	0.45 Вт
Қосулы кезінде энергия тұтыну	0.49 Вт
Жылдық су тұтыну 3	3080 литр
Кептіру тиімділігінің классы 4	A
Стандартты жуу циклі 5	ECO 45°C
Стандартты жуу циклі бағдарламасының ұзақтығы	225 мин
Шуыл деңгейі	49 дБ(А) ге 1 ПВт
Орнату	Өздігінен тұру
Кіріктіру мүмкіндігі	ИӨ
Қуат тұтыну	1760-2100 Вт
Номиналды кернеуі / жиілігі	220-240В/50Гц
Су қысымы (ағын қысымы)	0.04-1.0МПа=0.4-10 бар

ЕСКЕРТУ:

1 A + + + (ең жоғары тиімділік) D (ең төменгі тиімділік)

2 Энергияны тұтыну суық судың және қуат режимдерін төмен пайдалануға негізделген 280 стандартты тазалау циклі үшін көрсетілген. Нақты энергияны тұтыну құралдың қалай қолданылатындығына байланысты болады.

3 Суды тұтыну 280 стандартты жуу цикліне негізделген. Нақты суды тұтыну құралдың қалай қолданылатынына байланысты болады.

4 A (ең жоғары тиімділік) G (ең төменгі тиімділік)

5 Бұл бағдарлама қалыпты кірлеген ыдыстарды тазалауға жарамды және бұл ыдыс-аяқтың осы түріне арналған энергияны және суды тұтыну тұрғысынан ең тиімді бағдарлама болып табылады.

Өндіруші: WINIADAEWOO Co., Ltd. / ВИНИАДЭУ Ко., ЛТД
Мекенжайы: 559, YONGA-RO, GWANGSAN-GU, GWANGJU, KOREA/559,
Йонга-ро, Гвансан-ку, Кванчжу, Корея Республикасы

Өндіруші зауыт: Foshan Shunde Midea Washing Appliances Mfg. Co., Ltd/
Фошань Шунде Мидеа Вошинг Эпплаенсез Мфг.Ко.ЛТД
Мекенжайы: No.20, Gangqian Road, Beijiao, Shunde, Foshan, Guangdong,
528311, China/ No.20, Ганкуань Роуд, Бейхиао, Шунде, Фошань, Гуандун,
528311, Қытай

Импорттаушы: "ВИНИАДЭУ Электроникс Рус" АҚ
Мекенжайы: 117342, Мәскеу қ-сы, Бутлерова к-сі, 17, 3 қабат, 125 б.
Тел.: +7 495 744 0397

Қытайда жасалған